



БҮЙРЫҚ

2021 жылға 14 шашар

Балқаш қаласы

ПРИКАЗ

101

№

город Балхаш

2020 - 2021 оқу жылдарын
аяқтау және орта білім беру
ұйымдарында білім
алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу
мерзімдерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Занының 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2020 - 2021 оқу жылын ұйымдастырып түрде аяқтау және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 05 мамырдағы № 203 бүйрығын және Қарағанды облысы білім басқармасының 2021 жылғы 11 мамырдағы №346 бүйрығын орындау мақсатында **БҮЙЫРАМЫН**:

1. Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері белгіленсін:

1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында оқу сабактарының аяқталуы - 2021 жылғы 25 мамыр;

2) 9 (10) сыныптың білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары – 2021 жылғы 28 мамыр - 5 маусым аралығында;

3) 11 (12) сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары – 2021 жылғы 1-10 маусым аралығында.

2. Қорытынды аттестаттау өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10) сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

1) казак/orыс (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін жазбаша жұмыс (макала, әңгіме, эссе) - 2021 жылғы 28 мамыр;

2) математика (алгебрадан) жазбаша емтихан (бакылау жұмысы) – 2021 жылғы 2 маусым;

3) орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша (мәтінмен жұмыс, мәтіп бойынша тапсырмаларды орындау) жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті

000104

бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2021 жылғы 5 маусым;

11 (12) сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

1) қазак/орыс (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан – 2021 жылғы 1 маусым;

2) алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2021 жылғы 4 маусым;

3) Қазақстан тарихынан тестілеу - 2021 жылғы 7 маусым;

4) орыс тілдерінде оқытатын мектептерде қазақ тілінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілінен тестілеу – 2021 жылғы 10 маусым;

3. 9 (10), 11 (12) сыныптардың білім алушыларын қайта қорытынды аттестаттау санитарлық талаптарды сақтап отырып, 2021 жылғы 11-19 маусым аралығында өткізіледі.

4. Білім сапасын арттыру және пандемия, шектеу шаралары кезеңінде жіберілген білім олқылықтарының орынын толтыру мақсатында ата-аналардың немесе занды өкілдерінің отішіші бойынша барлық ниет білдірген білім алушылар үшін оқытуды 2021 жылғы 19 маусымға дейін жалғастыру қажет.

5. Бөлімнің әдістемелік кабинетінің менгерушесі (Бектурганова А.О.) 9(10),11(12) сыныптардың білім алушылары үшін емтихан тапсырмаларының пакеттерін Қарағанды облысы білім басқармасынан жеткізуді ұйымдастырын.

6. Бөлімнің әдістемелік кабинетінің менгерушесі (Бектурганова А.О.), білім беру ұйымдарының директорлары:

білім беру ұйымдарында 2020 - 2021 оку жылын осы бұйрықтың талаптарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оку байдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және корытынды аттестаттаудың үлгі ережесіне сәйкес аяқтауды қамтамасыз етсін.

7. Осы бұйрықтың орындаудын бақылауды өзіме қалдырамын.

Бөлім басшысының м.а.



О.Садвокасова